***№113 Қаракөл орта мектебі 2024-2025 оқу жылы***
***Өзін-өзі басқару ұйымының жаңа құрамын сайлау***

| № | Комитет құрамы | Фракция мүшелерінің аты-жөні | Сыныбы | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп парламентінің президенті | Тұрақов Ерсұлтан<br>Тайжанова Мерей | 10<br>9 | А.Бақтыбаева |
| 2 | Мәдениет және өнер фракциясы | Әнуарбек Ислам<br>Оразбай Айым | 10<br>9 | Н.Амангелдиева |
| 3 | Құқық және тәртіп фракциясы | Әмірбек Бекнұр<br>Бекетов Нұрсұлтан | 10<br>8 | Н.Таңбай |
| 4 | Ақпарат фракциясы | Тайжанова Асылзат<br>Әскербек Інкәр | 10<br>9 | А.Құлмаханова |
| 5 | Спорт фракциясы | Қайырбеков Ринат<br>Темірбекұлы Дамир | 10<br>9 | Қ.Досбаев |
| 6 | Өзін- өзі тану және бақыт фракциясы | Қанибек Ернар<br>Әскербек Сырым | 10<br>9 | Қ.Жолмаханова |
| 7 | Қамқорлық фракциясы | Қалдыбек Ернар<br>Телқараева Нұрдана | 9<br>9 | Л.Оспан |
| 8 | Дебат қозғалысының фракциясы | Бекболатқызы Инабат<br>Сақтаған Ақдәулет<br>Төлеу Нұрлы | 10<br>7<br>9 | Е.Үсембаева |
| 9 | Экология және еңбек фракциясы | Сейтханов Диас<br>Асланұлы Азат | 10<br>8 | С.Жақыпов |

**«Болашақ» өзін –өзі басқару ұйымының жетекшісі: А.Бақтыбаева**

Scanned with CamScanner

# Парламент

- ***Парламент*** *– оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп, колледж, жоғары оқу орны әкімшілігінің таптырмас көмекшісі. Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады. Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.*
- ***Парламенттің мақсаты:*** *білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.*

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №113 Қаракөл орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі



**Мектеп президенті:**

**10 - Сынып оқушысы**

**Тұрақов Ерсұлтан Сардарбекұлы**

**Байланыс нөмері: 8 771 349 20 17**

Scanned with CamScanner

# *Мектеп президентінің жылдық жұмыс жоспары*

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралады | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін біріктіру | Үнемі | Өзін-өзі басқару жиналысында | Мектеп президенті |
| 2 | Мектептегі тәртіпті қадағалау | Үнемі | Өзін өзі басқару жиналысында | Мектеп президенті |
| 3 | Оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстыру | Үнемі | Өзін-өзі басқару жиналысында | Мектеп президенті |
| 4 | Саналы,патриот оқушыларды тәрбиелеуге үлесімді қосу | Үнемі | Өзін-өзі басқару жиналысында | Мектеп президенті |
| 5 | Өзіне қойылған міндеттерді орындау | Үнемі | Өзін –өзі басқару жиналысында | Мектеп президенті |

Scanned with CamScanner

# МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФРАКЦИЯСЫ

- Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең. Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. *Еліміздің дамуы тікелей осы мәдениет пен өнерге байланысты. Сол себепті біз мектебімізде түрлі шаралар өткізуге тырысамыз*



**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ**
**ӘНУАРБЕК ИСЛАМ**
**10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Scanned with CamScanner

# ҚҰҚЫҚ ПЕН ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ

*Құқық пен тәртіп – мемлекеттің конституциясын, парламенттің қабылдаған заңдарын, президенттің заң күші бар жарлықтарын қатаң бақылап, оларға нышан келтіруге жол бермеу. Қоғам тәртіпке, заңдылыққа негізделіп, соған арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Қоғамдағы барлық қарым-қатынасты құқықтық реттеу өте күрделі, ол көп салалы, көп жүйелі процесс. Біздің мектебімізде «құқық пен тәртіп» фракциясы аясында түрлі іс-шаралар өткізіледі. Іс-шара барысында жол ережелерін сақтау, қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты басқа да жұмыстар қамтылады. Сонымен бірге жаңа оқу жылы қарсаңында кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылады.*




**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ**
**ӘМІРБЕК БЕКНҰР**
**10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Scanned with CamScanner

Бекітемін: ____________

Мектеп директоры:Ж.Демеубаева

# №113 Қаракөл орта мектебі 2024-2025 оқу жылы

## Құқық және тәртіп фракциясының жылдық жұмыс жоспары

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралады | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектептегі оқушылардың тәртібін қарайды | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 2 | Сабақтапн кешіккен,сабақтан себепсіз қалатын оқушылармен жұмыс | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 3 | Мұғалімдермен бірігіп түнгі кезекшілік ұйымдастыру | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 4 | Мектептегі бала құқығын қорғау инспекторымен кездесу | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 5 | Тәртіп бұзған оқушымен жұмыс | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 6 | Мектеп формасын тексеру | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 7 | «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» апталық | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 8 | «Абайлаңыз балалар» апталық | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |
| 9 | «Қылмыссыз балалық шақ» арнайы жоспар | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Б.Лаубаев |

**Жетекшісі: Б.Лаубаев**

Scanned with CamScanner

# АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ

*Ақпарат термині латынның «information» деген сөзінен шыққан, яғни қазақша баламасы «түсініктеме, баяндама». Біздің мектептегі ақпараттық фракция қызметі:*

- *Мектепшілік ұйымдар арасындағы документальды және құжаттық жұмыстарды қамтамасыз ету.*
- *Мектеп оқушыларының ұйымдастырылатын іс-шараларға қабылдау мен кері өткізуді жасау.*
- *Оқушылардың тазалық, үлгерім, тәртіп, яғни мектеп ережелерін сақтауы туралы жеке немесе ортақ мәліметтер беру. Ұйым мүшелерімен бірге іс-шараларды атқарып, қорытындылауды жасау.*
- *Ерекше дарын иелерін іздеушілерге көмек беру. (публикалық)*
- *«Жас ұлан» және «Жас қыран», «Өзін-өзі басқару» ұйымы туралы оқушыларға түсініктеме шараларын жүргізу.*



**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ**
**ТАЙЖАНОВА АСЫЛЗАТ**
**10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Бекітемін: ____________

Мектеп директоры:Ж.Демеубаева

## №113 Қаракөл орта мектебі 2024 - 2025 оқу жылы

## Ақпарат фракциясының жылдық жұмыс жоспары

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралады | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп шаруашылығын қадағалау | | Өзін-өзі басқару жиналысында | А.Құлмаханова |
| 2 | Сенбілікті қадағалау | | Өзін-өзі басқару жиналысында | А.Құлмаханова |
| 3 | Әр сыныптың құрал жабдықтарын қадағалау | | Өзін-өзі басқару жиналысында | А.Құлмаханова |
| 4 | «Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары | | Өзін-өзі басқару жиналысында | А.Құлмаханова |
| 5 | Ақпараттық бұрыш жасау. «Оқулықты күтіп ұста» радио линейкасы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | А.Құлмаханова |
| 6 | Парламент отырысын өткізу | | Өзін-өзі басқару жиналысында | А.Құлмаханова |

**Жетекшісі: А.Құлмаханова**

Scanned with CamScanner

# СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ

- *Спорт және салауатты өмір салты – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында міндетты түрде қалыптасады. Соңғы мәліметтер бойынша, адамдардың 50% салауатты өмір салтына тәуелді екен. Салауатты өмір салтын ұстанған, спортпен айналысқан адамның денсаулығы, спортпен айналыспаған адамнан, әлде қайда шымыр, мықты болады. Денсаулығы мықты ұрпақ еліміздің болашағы. Сол себепті мектебімізде жиі спорттық шаралар және ай сайын медицина мамандарымен кездесу шаралары ұйымдастырылады.*



**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ**
**ҚАЙЫРБЕКОВ РИНАТ**
**10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Scanned with CamScanner

Бекітемін: 

Мектеп директоры:Ж.Демеубаева

## №113 Қаракөл орта мектебі 2024 - 2025 оқу жылы

## Спорт және салауатты өмір салты фракциясының жылдық жұмыс жоспары

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралады | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Таңертеңгі жаттығуларды жасату | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |
| 2 | 1-4 сыныптарды спортқа баулу | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |
| 3 | Мектепішілік спорт ойындарын ұйымдастыру | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |
| 4 | «Денсаулық» күніне арналған жарыстар өткізу | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |
| 5 | Аудандық жарыстарға оқушыларды дайындау | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |
| 6 | Медицина маманымен кездесу ұйымдастыру | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |
| 7 | Спорт - денсаулық кепілі. Спорттық іс - шара | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |
| 8 | «Таза мектеп - таза сынып сыныпты тексеру жұмысы» | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Қ.Досбаев |

**Дене шынықтыру пәні жетекшісі: Қ.Досбаев**

Scanned with CamScanner

# ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ

- *Өзін-өзі тану өмірдің мәнін түсінуге, қарым қатынас жасау кезінде жақсы мен жаманды ажыратуға көмектеседі. Өзін-өзі тануды үйрене отырып, адам өзімен және қоршаған ортамен үйлесімді жарастықта өмір сүруге талпынады. Ол адамдардың өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдалануға. Өз қабілеттерін шыңдауға көмектеседі. Мектебімізде «өзін-өзі тану және бақыт» фракциясы аясында көптеген шаралар өткізіледі. Ол шаралардың мақсаты: оқушылардың өз өмірінің жарқын болашағын көре білу қабілеті. Өмірлік ұстанымдарын айқындамаларын белгілеу оларды өзгертуден, жіберген қателерін түзеуден қаймықпайтын еркін бірегей тұлға екенін сезінуі*



**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ ҚАНИБЕК ЕРНАР 10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Scanned with CamScanner

Бекітемін:

Мектеп директоры:Ж.Демеубаева

# №113 Қаракөл орта мектебі 2024 - 2025 оқу жылы

## Ұшқыр ой дебат фракциясының жылдық жұмыс жоспары

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралады | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектептегі кеш,кездесу,диспут, конференцияларды ұйымдастыру | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |
| 2 | Мектептегі жұмыстарын жүргізу,би үйірмесін,қолөнер,сурет көрмесін ұйымдастырады | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |
| 3 | Аудандық жарыстарды ұйымдастырады | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |
| 4 | «Алғыс айту - көркем мінез белгісі » | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |
| 5 | «Ең бақытты әйел» поэзиялық кеш | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |
| 6 | «Мәңгілік елдің мызғымас 7 негізі» | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |
| 7 | «Мен ерекше баламын» | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |
| 8 | «Жұлдызға жол» балалар байқауы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Н.Амангелдиева |

**Жетекшісі: Н.Амангелдиева**

Scanned with CamScanner

# ҚАМҚОРЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ

- *Жақсылық жасау – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Жақсы адам қол ұшын беруге, жәрдем етуге, жанашырлық танытуға, көмек көрсетуге, қолдау жасауға әрдайым дайын тұрады. Риясыз жақсылық жасау – биік адамгершілік белгісі. Оқушыларды жақсылық жасауға, олардың жақсы адам болып қалыптасуына әрекет жасай отырып біз мектебімізде түрлі қамқорлық шараларды өткізіп отырамыз. Біз өзіміздің іс әрекетіміз арқылы кейінгі ұрпаққа үлгі бола аламыз, сол себептен барынша жақсы істер жасауға ұмтылуымыз қажет. Қазіргі таңда осы мақсатпен мектебімізде түрлі шаралар ұйымдастырылғалы отыр.*



**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ**
**ҚАЛДЫБЕК ЕРНАР**
**9 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Scanned with CamScanner

Бекітемін: 

Мектеп директоры:Ж.Демеубаева

## №113 Қаракөл орта мектебі 2024-2025 оқу жылы

## Қайырымдылық фракциясының жылдық жұмыс жоспары

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралды | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Еріктілер» жұмысын жандандыру | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Л.Оспан |
| 2 | Мектеп ұлдарының тәрбиесі | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Л.Оспан |
| 3 | Оқушылардың іс-шараға қатысуын қадағалау | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Л.Оспан |
| 4 | «Жомарт жүрек» акциясы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Л.Оспан |
| 5 | «Қайырымдылық-қайырлы іс» | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Л.Оспан |
| 6 | «Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары» қамқорлық акциясы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Л.Оспан |
| 7 | «Мектепке жол» акциясы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Л.Оспан |

Жетекшісі: Л.Оспан

Scanned with CamScanner

# ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ

- Білім және ғылым министрлігі мектептерде, колледждер мен университеттерде дебат қозғалысын қайта жаңғыртып жатыр. Білім министрі пікірсайыстарда жетістіктерге жету үшін көзқарас, мықты мінез, өз ұстанымын дәлелді түрде қорғай білуге жетелейтін ұмтылыс маңызды екенін атап өтті. Ол үшін көп кітап оқып, танымдық бағдарламаларды қарап, қарым-қатынас орната білу, аргументация дағдыларын дамыту бойынша үнемі жұмыс істеу керек. Біз мектебімізде оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне дағдылануы үшін жиі дебаттық шаралар өткіземіз. Бұл шаралардың мақсаты: оқушыларды кез келген ортада өздерін еркін ұстай білуге және өз ойларын ешкімнен жасқанбай еркін жеткізуге бейімдеу



**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ БЕКБОЛАТҚЫЗЫ ИНАБАТ 10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Scanned with CamScanner

Бекітемін: ___

Мектеп директоры:Ж.Демеубаева

# №113 Қаракөл орта мектебі 2024 - 2025 оқу жылы

# Ұшқыр ой дебат фракциясының жылдық жұмыс жоспары

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралады | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ұшқыр ой» жылдық жоспарын құру | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |
| 2 | Мектеп қыздарының тазалығы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |
| 3 | Мектеп қыздарының тәрбиесі | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |
| 4 | «Білім артық па,байлық артық па? » блог | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |
| 5 | «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот» шығарма | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |
| 6 | «Мәңгілік елдің мызғымас 7 негізі» | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |
| 7 | «Атадан – өсиет,анадан-қасиет» тыйым сөздердің мағынасы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |
| 8 | «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» дебат | | Өзін-өзі басқару жиналысында | Е.Үсембаева |

**Жетекшісі: Е.Үсембаева**

Scanned with CamScanner

# ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ

- Экология – жеке организмнің қоршаған ортамен қарым – қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ организм деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің – популяциялардың, организмдер қауымдастықтарының, экожүйелердің, биосфераның ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Экология ол бізді қоршаған орта. Оның адам өмірінде маңызы өте зор. Еліміздің дамуыда, болашағы да осы елдің экологиясына тікелей тәуелді. Сол себепті біз мектебімізде оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға және еңбекке баулуға жетелеу үшін түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Бұл шаралардың басты мақсаты: экологиялық нормалардың, ережелердің қажеттілігін оқушылардың мінез құлқына тәрбиелеу қоршаған ортаға жауапсыздықпен қарамауға жетелеу.



**ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ**
**СЕЙІТХАНОВ ДИАС**
**10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ**

Scanned with CamScanner

Бекітемін: 

Мектеп директоры:Ж.Демеубаева

## *№113 Қаракөл орта мектебі 2024 - 2025 оқу жылы*

## *Экология және еңбек фракциясының жылдық жұмыс жоспары*

| № | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Қайда қаралады | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Менің-ағашым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |
| 2 | «Әке көрген оқжанар,шеше көрген тон пішер» қолөнер көрмесі | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |
| 3 | «Табиғат тамшылары»сурет байқауы | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |
| 4 | «Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы» пікір сайыс | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |
| 5 | «Сақ болсаң,сау боласың» марафон видео | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |
| 6 | «Туған өлкенің киелі мекендеріне саяхат» | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |
| 7 | Фастфуд өнімдерінің адам ағзасына зияны | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |
| 8 | Жыл үздіктерін марапаттау | | Өзін-өзі басқару жиналысында | С.Жақыпов |

**Жетекшісі: С.Жақыпов**

Scanned with CamScanner




Scanned with CamScanner

# Мектеп Парламенті Президентіне үміткерлер дауысының сандары

| № | Оқушының аты- жөні | Жинаған дауыс саны |
|---|---|---|
| 1 | Тұрақов Ерсұлтан | 25 |
| 2 | Тайжанова Асылзат | 14 |
| 3 | Оразбай Айым | 10 |
| 4 | Әнуарбек Ислам | 7 |
| 5 | Қалдыбек Ернар | 4 |

Мектеп Парламенті

Scanned with CamScanner

**№ 113 Қаракөл орта мектебінде 14.10.2024 жылы Мектеп Парламент Президетін сайлау болып өтті. 5 үміткер арасынан сайлаушылардың 25 дауысына ие болған 10 сынып оқушысы Тұрақов Ерсұлтан мектеп Президенті болды.**







Scanned with CamScanner

Бекітемін
Мектеп директоры: Ж.Демеубаева

**№ 113 Қаракөл орта мектебінде Ұстаздар күніне арналған «Дублёр күні» оқушылардың өзін- өзі басқару күніндегі сабақ кестесі**

| № | «Дублёр» күні өтілетін пәндер | Пән мұғалімі | Оқушының аты- жөні | Сыныбы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Құқық (9-сынып) | Н.Таңбай | Телғараева Н | 9 |
| 2. | Қазақстан тарихы (8- сынып) | Ж.Ерімбетова | Әнуарбек И | 10 |
| 3. | Жаратылыстану (6-сынып) | А.Ембаева | Жақаш Б | 11 |
| 4. | Қазақ әдебиеті (7- сынып) | Ж.Изимова | Әділбекқызы Қ | 8 |
| 5. | Қазақ әдебиеті (9- сынып) | А.Жүсіпбекова | Аманова А | 11 |
| 6. | Орыс тілі (10-сынып) | А.Жұманова | Қанибек Е | 10 |
| 7. | Ағылшын тілі (10-сынып) | Қ.Құлмаханова | Сейтханов Д | 10 |
| 8. | Ағылшын тілі (5-сынып) | ЖАбубакирова | Сқақова Ж | 10 |
| 9. | Геометрия (8- сынып) | А.Аяпова | Тайжанова М | 9 |
| 10. | Биология (9-сынып) | Н.Амангелдиева | Бекболатқызы И | 10 |
| 11. | Физика (9-сынып) | Е.Үсембаева | Қайырбеков Р | 10 |
| 12. | Химия (10-сынып) | А.Бақтыбаева | Бекболатқызы Т | 11 |
| 13. | Информатика (11-сынып) | А.Құлмаханова | Алмасова Қ | 11 |
| 14. | Геометрия (10-сынып) | Р.Тоқбаев | Әмірбек Б | 10 |
| 15. | Математика (бастауыш,2-сынып) | Л.Туматова | Бақтыбаева Е | 9 |
| 16. | Математика (бастауыш,3-сынып) | А.Бекмаханова | Әскербекова І | 9 |
| 17. | Қазақ тілі (бастауыш,4-сынып) | Г.Әбдіғали | Оразбай А | 9 |
| 18. | Дене шынықтыру (3-сынып) | Ж.Нұрмағанбетов | Қалдыбек Е | 9 |
| 19. | Дене шынықтыру (8-сынып) | Қ.Досбаев | Тұрақов Е | 10 |
| 20. | АӘД (11-сынып) | Б.Лаубаев | Тайжанова А | 10 |

**Мектеп парламенті**

Scanned with CamScanner

ҰСТАЗДАР" күні
қарсаңында №113 Қаракөл орта
мектебінде 2024 жылы 4 қазанда
"Дублёр күні" өткізіледі.
Мектеп парламентінің барлық
көшбасшыларының қатысуын
сұраймыз. Бұл күні қызық
сәттерді бейне немесе
суретке түсіріп алыңыз.
Сәттілік болсын!

Scanned with
CamScanner

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 113 ҚАРАКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА КАРАКӨЛ №113»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАРМАКШИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120503, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы, Абыла ауыла, Е.Жаналиев көшесі, № 2
Тел: 8(724)3726-2-63, karm_mektep113@mail.ru

120503, Республика Казахстан, Кызылординская область
Кармакшинский район, аул Абыла, ул Е.Жаналиев № 2
Тел: 8(724)3726-2-63, karm_mektep113@mail.ru

**№113 Қаракөл орта мектебінің Мектеп парламент жобасының 2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша есебі**

*1.* **Парламенттің мақсаты:** білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

**Парламенттің міндеттері:**

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін,бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

**2. «Өзін-өзі басқару ұйымы» жобасына қамтылған оқушылар саны-20**
**(*7-10 сынып білім алушылары*)**

**3. Жоспарға сай 8 фракция бойынша өткізілген іс-шаралардың саны-53, әлеуметтік желіге жарияланған жұмыстар саны-53.**

**4. Мектеп парламенті президенті Тұрақов Ерсұлтан облыс әкімінің жүлдесіне арналған "Сыр лигасы" жобасы аясында "Мобилография" сайысының облыстық кезеңінде жүлделі III орынды иеленді.**



https://www.facebook.com/share/p/18AbnxIjWh/

Scanned with CamScanner

**№113 Қаракөл орта мектебінің “1.1.3.” жайдарман құрама командасы Облыс әкімінің “Сыр лигасы” жүлдесіне сәйкес аудандық “Жайдарман” сайысынан жүлделі ІІІ орынды иеленді. Жас жайдарманшыларды құттықтаймыз!**
**#Біртұтас_тәрбие**
**#Жайдарман**
**#СырЛигасы**
**#113ҚаракөлОртаМектебі**




https://www.facebook.com/share/p/19kaFbEaEq/
ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫ АҚТЫҚ МӘРЕ
**Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен К.Рүстембеков атындағы жыраулар үйінде жайдарман финалы өткізілді.**
**Жайдарман ойынына аудан әкімінің кубогі сарапқа салынып, 5 команда бақтарын сынады.**
**Ойын қорытындысы бойынша:**
**I орын 1,1,3 командасы(Қармақшы ауылы)иеленіп,аудан әкімінің кубогі табысталып, облысқа жолдама ие болды.**



**https://www.facebook.com/share/p/15FdgBpy7D/**

**«Ботақан» облыстық балалар телефестиваліне Мектебіміздің 5-6 сынып оқушыларының "БАЛАУСА" бишілер тобы би үйірмесінің өнерпаздары және домбыра үйірмесінің 7 сынып оқушысы Райымбек Айшуақ қатысып бағалы сыйлықтар және арнайы дипломдармен марапатталды. Жеңістерің құтты болсын жас өрендер. Биіктерден көріне беріңдер. Қанаттарың талмасын**
**#Біртұтас_тәрбие #ҚармақшыБілім #113ҚаракөлОртаМектебі**





https://www.facebook.com/share/p/1DiREztTmo/

**Жалпы білім беру ұйымдарынданың 9-11 сынып оқушылары арасында «Жасанды интеллект және сандық этика» тақырыбындағы республикалық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңі өткізілді.**
**Турнирдің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық ұстанымды , өзінің және қоғам алдында өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қалыптастыруы , елде байқалатын өзекті жағдайларды талдау және жариялы талқылау арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту.**
**Турнир нәтижесінде: мектебіздің «Сенім» фракциясы II орын иеленді.**
**Турнирге қатысқан оқушыларымыз:**
**1. Бекболатқызы Инабат-10 сынып**
**2. Тайжанова Асылзат-10 сынып**
**3. Қанибек Ернар- 10 сынып**
**Алдағы болатын турнирлерде оқушыларымызға сәттілік, жеңіс тілейміз.**





---

https://www.facebook.com/share/p/1ADzSNYPTU/

**5. «Төрт тоқсан- төрт өнер» жобасы аясында «Ақындар айтысы» сайысы өткізіліп, «мәдениет және өнер» фракциясы мүшелері қатыстырылды.**

***«Ақындар айтысы» сайысы бойынша жүргізілген жұмыстар анықтамасы:***

№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру аясында "ТӨРТ ТОҚСАН - ТӨРТ ӨНЕР" ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы бойынша 5-7 сынып оқушыларымен "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында айтыс өткізілді.
**Айтыстың мақсаты:** оқушылардың ой ұшқырлығы мен сөз саптауын, сөздік қорларын молайта отырып, ұлтжандылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
**#біртұтас_тәрбие**



Scanned with CamScanner

https://www.facebook.com/share/v/15tdgc1LNd/

"Төрт тоқсан-төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында мектеп оқушылары арасында"Жаңа күн-жаңа Қазақстан"тақырыбында аудандық ақындар айтысына 7 сынып оқушысы Райымбек Айшуақ қатынасып "Алғыс хатпен" марапатталды.

#біртұтас_тәрбие
#сырлиғасы
#айтыс







https://www.facebook.com/share/p/1AsDdwHzjb/

"Нашақорлыққа жол жоқ" жобасы аясында "Есірткісіз жарқын болашақ" тақырыбындағы аудандық қойылым байқауында №113 Қаракөл орта мектебінің "Қабілет" театрының мүшелері "Нашақордың наласы" шығармасын қойылым етіп көрсетіп, белсенділіктері үшін аудандық білім бөлімінің "Алғыс хатымен" марапатталды.

**#біртұтас_тәрбие**
**#нашақорлыққажолжоқ**
**#есірткісізаймақ**





Scanned with CamScanner

https://www.facebook.com/share/p/1DbVgDau2i/

**№113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша "Сыр лигасы" облыстық сайысының жоспарына сәйкес "Ана тілі аруының" мектепішілік кезеңіне 8-10 сынып оқушылары белсене қатысты. Сайыс қортындысы бойынша 8-сынып оқушысы Ж.Мирамбекқызы аудандық кезеңіне жолдама алып,**
**Аудандық байқауда "Алғыс хатпен" марапатталды.**
**#Біртұтас_тәрбие**
**#Сыр_лигасы**
**#Ана_тілі_аруы**
**#113ҚаракөлОртаМектебі**



https://www.facebook.com/share/p/1GTbxmB3eF/

**Мектеп және студенттік парламент жобасының 8 фракциясы бойынша өткізілген іс-шаралар**

**Анықтамалары**

**1 Қыркүйек - "Білім күні"**
**Мектебіміздің 11 сыныбының "Үздік" оқушысы Бекболатқызы Толғанай.**
**#bilim_quini**
**#Біртұтас_тәрбие**
**#113Қаракөлортамектебі**
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0kGvM9N5kiH7Vgnu5w2SsqNubgnp1gXKP1MQSsV3q1ovgGJdcYfajy6CWfAiYUwftl&id=100062301823198&sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V
**Жолда жүру ережесін сақтаймыз!**
**№113 Қаракөл орта мектебінде бастауыш сыныптарда "Жолда жүру ережесін сақтаймыз" тақырыбында сынып сағаты болып өтті.**
**Мақсаты:**
**Оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру. Жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жарақаттар немесе түрлі жағдайлар туралы әңгімелеу. Көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін, қауіпсіздігін білуге, есте сақтауға үйрету.**
**#Балаларжылы**
**#Жолдажүруережелері**





Scanned with CamScanner

https://www.facebook.com/share/p/1TBy8zmqzU/

ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ДУБЛЕР КҮНІ ӨТКІЗІЛЕДІ

2024жылдың 4 қазан күні №113 Қаракөл орта мектебінде "Біртұтас" тәрбие жоспары аясында ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕСІ қарсаңында "МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ" өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "ДУБЛЕР КҮНІ" өткізілді.

Айтулы шарада мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшылары атқарады.

Мақсаты:

- "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

#Біртұтас_тәрбие
#Дублеркүні
#Bilimkzo
#ҚармақшыБілім
#113ҚаракөлОртаМектебі





https://www.facebook.com/share/v/1DkP4QLx5W/

МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТТІ

Қармақшы ауданы

№ 113 Қаракөл орта мектебінде «Мектеп Парламенті» жобасы аясында «Мектеп Президенті» сайлауы өткізілді.

✔Сайлау ережесіне сәйкес кандидаттыққа ұсынылған 5 үміткер өз бағдарламаларын 7-11 сынып оқушылары арасында таныстырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

✔5 үміткер «Мектеп президентінің» сайлауына сайлауға түсті.

✔Сайлау қорытындысы бойынша сайлауда 60 оқушы дауыс берді.

✔Мектеп президенті сайлауына қатысқан үміткерлер:

✅Әнуарбек Ислам 10 сынып оқушысы
✅Тұрақов Ерсұлтан 10 сынып оқушысы
✅Тайжанова Асылзат 10 сынып оқушысы
✅Қалдыбек Ернар 9 сынып оқушысы
✅Оразбай Айым 9 сынып оқушысы

✔Үміткерлер арасынан 25 дауыс жинаған мектебіміздің 10 сынып оқушысы Тұрақов Ерсұлтан «МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІН» қайта жасақтап,«Мектеп Президенті» болып ұлықтау іс-шарасына қатысып, ант берді.

✔Президент болу үлкен жауапкершілік, осы жауапкершілікті абыроймен алып шығып мектебіміздің атын тек биіктерден көрсетеді деген үлкен сенімдеміз!

#Біртұтас_тәрбие
#oqu_agartu_ministrligi
#gani_beisembayev
#medetbekovameruert

Scanned with CamScanner

**#өзін_өзі_басқару**
**#самоуправление**
**#113ҚаракөлОртаМектебі**

https://www.facebook.com/share/v/195HqPSAGs/

*Дебат қозғалысының фракциясы министрі Бекболатқызы Толғанайдың ұйымдастыруымен дебаттың қыр-сырын үйренемін, пікірсайысқа қатысамын, деп ниет білдірген білім алушыларға түсіндірме жұмысы*
№113 Қаракөл орта мектебінде 14.11.2024 жылы мектебіміздегі " Болашақ " пікір-сайыс клубының кезекті жоспарға сәйкес, "Көшбасшы және табысты адам болу үшін не қажет?" тақырыбында пікір-сайыс өтті.Пікір-сайыс мақсаты: білім алушылардың жан - жақты дамуы мен олардың азаматтық белсенділігін арттырып, қоғамда дұрыс саяси бағдарларын қалыптастыру, сонымен қатар дебат қозғалысына жаңадан келген 7-10сынып оқушыларына дебат құрылымын түсіндіру. Оқушылар өзара пікір алмасып, жақын танысып, дебат туралы өз ойларын ортаға салды.

**#113ҚаракөлОртаМектебі**
**#Ядебатер**
**#меппікірсайысшымын**
**#Iamadebater**
**#bilimkzo**
**#Дебат_білім**
**#Дебат_тәртіп_пен_тәрбие**
**#Дебат_жаңа_достар**



https://www.facebook.com/share/p/1CMBadGjRE/

№113 Қаракөл орта мектебінде 25 Қазан Республика күніне байланысты, мектеп оқушылары Мемлекеттік Әнұранды орындады.

**#Біртұтас_тәрбие**
**#МемлекеттікӘнұран**
**#РеспубликаКүні**
**#113ҚаракөлОртаМектебі**





Scanned with CamScanner

https://www.facebook.com/100062301823198/videos/437863755998926/

25 Қазан Республика күніне орай N113 Қаракөл орта мектебінде, мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен оқушылардың Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті.

Жиында 4-сынып оқушылары Жас Ұлан ББЖҰ қатарына қабылданды.

"Жас Ұлан" ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, ат салысу міндеттелді.

Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салауатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға ант қабылдады.

Еліміздің болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын!

25 Қазан-Республика күні құтты болсын!

# Біртұтас_тәрбие
#ЖасҰлан
#113_Қаракөл_орта_мектебі
#Республика_күні





https://www.facebook.com/share/v/15mFuCQTbH/

№113 Қаракөл орта мектебінде мектеп оқушылар арасында ұлттық ойын ләңгі тебуден "Ләңгі фест" сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа 4,5,6 сынып оқушылары қатысты.
#Біртұтас_тәрбие
#Ләңгі_фест
#113ҚаракөлОртаМектебі
https://www.facebook.com/100062301823198/videos/491509007240766/

№113 Қаракөл орта мектебімізде " Нашақорлыққа қарсы бір айлық акция" аясында, "Болашақ" дебат клубының 7-10 сыныптар арасында 22.11.2024жылда " Синтетикалық есірткі саудасын қалай жоюға болады?" , тақырыбында пікір -сайыс өтті. Сайысқа " Жалын", " Ұшқыр" фракциялары қатысты." Ұшқыр" фракциясы жеңіске жетті.
#Біртұтас_тәрбие
#есірткісізболашақ
#нашақорлыққажолжоқ
#есірткісізаймақ



Scanned with CamScanner

https://www.facebook.com/share/p/12BTEoMsf46/

**№113 Қаракөл орта мектебінде"Желбіре көк Байрағым" тақырыбында тәуелсіздік күніне байланысты тарих апталығының ашылуымен ертеңгілік болып өтті.**
**#біртұтас_тәрбие.**
**#тәуелсіздіккүні**
**#қаракөлортамектебі**



https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid02VLtC2z8oK3TtBaGFxfXT1Mznc3rUP9nGqKC86q1ph6rxzFodY3sWSkP9LqAqKNjGl&id=100062301823198

**"ЕРКІН ДЕМ АЛ"**
**"Өркен балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының ұйымдастыруымен өткізілген "Еркін дем ал" челленджіне №113 Қаракөл орта мектебінің Парламент ұйым белсенділері өз үлестерін қосты.**
**Мектеп Парламентінің жетекшісі: А.Бақтыбаева**
**#Біземекішегугеқарсымыз!**
**#Еркіндемал!**
**#Мыпротивкурении**
**#Дышисвободно**





https://www.facebook.com/100062301823198/videos/545584345140753/

**№113 Қаракөл орта мектебінде "Балалар кітапханасы" аясында 30 желтоқсан күні оқушыларды кітап оқуға қызықтыру мақсатында "Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз " тақырыбында іс - шара өтті. Оқушылар өздерінің оқыған кітаптарымен бөлісіп, оқыған кітаптарынан сурет салды.**
**#оқуғақұштармектеп**
**#ғылымипедагогикалық кітапхана**



https://www.facebook.com/share/p/15oZqmPvK4/

**№113 Қаракөл орта мектебінің "Мектеп парламенті" мүшелерінің ұйымдастуымен білім алушылардың мерекелік кештері өткізілді. Жаңа жылдық кешімізде түрлі қызықты ойындар ойнатылды. Аяз ата мен Қарша қызға өз өнерлерін көрсетіп, суретке түсті.**

**Мерекелік кеш балаларға қызықты әрі көңілді, қуаныш сыйлады. Балалар мерекелік кешті жақсы әсермен,ерекше сезіммен аяқтады**

**№113 Қаракөл орта мектебінде 9, 10, 11 сынып оқушыларының қатысуымен "Қош келдің, Жаңа жыл!" атты мерекелік іс-шара болып өтті. Мектеп басшысы Ж. Демеубаева сөз сөйлеп, бітіруші түлектерге Грант иегері болуына тілек айтып, жаңа жылдық құттықтауын арнады. Оқушылар ән мен биден шашу шашып, қойылым қойды және жаңа жылдық ойындар ойнады. Мерекелік көңіл-күймен жаңа жылды қарсы алды.**
**#Біртұтас_тәрбие**
**#ҚармақшыБілім**
**#113ҚаракөлОртаМектебі**
**#Жаңа2025Жыл**









Scanned with CamScanner